БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
_____ Б.Абдикерова
«_3_» _09_____2021ж.

Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының тарих мұғалімдерінің «Үздік тарихшы – 2022» облыстық сайысының

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Үздік тарихшы – 2022» облыстық байқауының (бұдан әрі – байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізеді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқау тарих мұғалімдерінің инновациялық педагогикалық тәжірибесін анықтау және бағалау, облыс мұғалімдері арасында тарих пәнін оқыту деңгейін арттыру мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқау міндеттері:

- білім беру сапасын арттыру міндеттерін табысты шешетін, шығармашылық жұмыс атқаратын тарих мұғалімдерін анықтау және қолдау;
- білім беру ұйымдары, қала, аудан, аймақ деңгейінде өзекті мәселелерді шешуге бағытталған білім беру қызметін ынталандыру.

3. Байқауды өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Байқау 2020 жылдың 14 қазаны мен 2021 жылдың 10 желтоқсанның аралығында өткізіледі.

3.2. Байқауға Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының тарих пәні мұғалімдері қатысады. Қатысушылардың жасы шектелмейді, педагогикалық өтілі ескерілмейді.

3.3. Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.4. Байқау үш кезеңде өткізіледі.

Бірінші кезең-сырттай, қашықтықтан өткізіледі. Байқау құжаттары 14.10.2021 - 02.11.2021 жж. аралығында қабылданады. Өтінімдер мен байқау жұмыстары 2021 жылдың 02-қараша дейін umc-ro@umckrg.gov.kz электрондық поштасына қабылданады. Анықтамалар ***87212445630*** телефоны арқылы.

Екінші кезең: Байқаудың сараптамалық комиссиясы 2021 жылдың 02-19 қараша аралығында ұсынылған байқау материалдарын талдайды және бағалайды, ақтық кезеңге қатысушыларды анықтайды. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті III-кезеңнің қатысушыларына жеке шақыруларды таратады.

Үшінші кезең (финалдық, күндізгі) - 10.12.2021 жыл

3.5. Бірінші кезеңге қатысушы келесі құжаттар пакетін тапсыруы қажет (электронды нұсқада):